



Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

БЕКІТЕМІН
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КеАҚ
Басқарма Төрайымы-Ректор
М.С. Мурзамадиева
« 23 » 10, 2020 ж.

**Халықаралық туризм және меймандостық университетінің
2020-2024 жылдарға арналған
ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ**


Ғылыми кеңес отырысында
бекітілді
(«23» 10, 2020 ж. № 2 хаттама)

Түркістан, 2020

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»


МАЗМҰНЫ

1 Төлқұжат	3
2 Миссия, пайымдауы, стратегиялық межелері және міндеттері	5
3 Жаһандық үрдістерді және бүгінгі жағдайды талдау, тәуекел қаупін басқару және негізгі мәселелер	6
4 Университеттің стратегиялық даму бағыттары	17
5 Мақсаттарға қол жеткізу және қойылған міндеттерді шешу жолдары	38
6 Ішкі және сыртқы білім беру нарықтарында Университет брендінің қалыптастыру	38
А Қосымшасы. Университет құрылымы	40
Б Қосымшасы. Келісім парағы	41

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

ТӨЛҚҰЖАТ

Бағдарламаның атауы	Халықаралық туризм және меймандостық университетінің 2020-2024 жылдарға арналған даму бағдарламасы
Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 15 ақпанынан 2025 жылға дейінгі № 636 Стратегиялық даму жоспары; 2. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі (11.01.2020 жыл жағдай бойынша өзгерістер және толықтырулармен) «Білім туралы» Заңы; 3. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген); 4. Қазақстан Республикасында туристік саланы дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (2019 жылғы 31 мамырдағы өзгерістер); 5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020-2024 жылдарға арналған стратегиялық жоспары; 6. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің 2020-2024 жылдарға арналған стратегиялық жоспары (Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 110, 2020 жылғы 25 мамырдағы №146 бұйрықтарына сәйкес енгізілген өзгерістерімен); 7. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV «Ғылым туралы» Заңы (28.10.2019 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен); 8. Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы
Бағдарламаны әзірлеуші	«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КеАҚ
Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері	<p><i>Мақсаты</i> – Орталық Азия өңірінде туризм және меймандостық индустриясы үшін сұранысқа ие бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауды қамтамасыз ететін инновациялық практикаға бағдарланған көшбасшы университет құру.</p> <p><i>Міндеттері:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> – студенттер мен тыңдаушыларға ұлттық және халықаралық стандарттарға негізделген сапалы білім беру қызметтерін ұсыну; – туризм және меймандостық саласындағы біліктілігі жоғары шетелдік және отандық мамандарды жұмысқа шақыру, инновациялық оқыту әдістерін енгізу арқылы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

	<p>студенттерге білім беру;</p> <ul style="list-style-type: none"> – туризм және меймандостық саласындағы жетекші халықаралық жоғары оқу орындарымен бірлесіп қос дипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу; – Университеттің меймандостық индустриясы үшін түрлі туристік жабдықтар мен жоғары технологиялық оқу зертханаларын құруды көздейтін материалды-техникалық базасын нығайту; – іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді дамыту, олардың нәтижелерін өндіріске енгізу және коммерцияландыру; – білім беру қызметтері мен ғылыми-зерттеу өнімдерінің деңгейін арттыруға бағытталған сапа менеджменті жүйесін нығайту; – өзара тиімді ғылыми-білім беруді және өзге де жобаларды іске асыру мақсатында шетелдік әріптестермен халықаралық ынтымақтастықты кеңейтумен қатар оқытушылар мен білім алушылардың академиялық ұтқырлығын іске асыру мақсатында шетелдік азаматтарды Университетте оқуға тарту үшін шетелдік әріптестермен халықаралық ынтымақтастықты кеңейту; – студенттердің, сондай-ақ ОПК-ның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін дамуына қажетті жағдай жасау; – Университеттің танымал брендін қалыптастыру
Бағдарламаны іске асыру мерзімі	2020-2024 жылдар
Қаржыландыру көздері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Республикалық бюджет; 2. Ақылы білім беру және өзге қызметтерді көрсетуден түскен қаражат

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

2. МИССИЯ, ПАЙЫМДАУЫ, СТРАТЕГИЯЛЫҚ МЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ


Халықаралық туризм және меймандостық университетінің (бұдан әрі – Университет) **Миссиясы** Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосатын туризм және қонақжайлық индустриясы үшін тәжірибеге бағдарланған, құзыретті, әлеуметтік жауапты және бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау арқылы елдің зияткерлік әлеуетін күшейту.

Пайымдауы – әлемдік экономиканың интеграциясы мен жаһандану үрдісіне сәйкес көпмәдениетті ортада жұмыс істеуге бейімделген, туризм және меймандостық индустриясында жоғары білімді, бәсекеге қабілетті, инновациялық бағдарланған мамандарды даярлау бойынша Орталық Азия өңіріндегі салалық жетекші, көшбасшы университет болу.

Университеттің стратегиялық **межелері** – инновациялық тәжірибеге бағдарланған, туризм және меймандостық индустриясы талабына сай, бәсекеге қабілетті кәсіби кадрларды даярлауды қамтамасыз ететін Орталық Азия өңірінде көшбасшы ЖОО құрылуда.

Өз мақсатын жүзеге асыру және стратегиялық межелерге жету үшін Университет келесі міндеттерді белгілейді:

- ұлттық және халықаралық стандарттарға негізделген студенттер мен тыңдаушыларға сапалы білім беру қызметтерін ұсыну;
- студенттерге бағытталған оқытудың инновациялық әдістерін енгізу, туризм мен меймандостық саласындағы жоғары білікті шетелдік және отандық мамандарды тарту;
- туризм және меймандостық саласындағы халықаралық жетекші жоғары оқу орындарымен бірлесе қос дипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;
- Университеттің меймандостық индустриясы үшін түрлі туристік жабдықтар мен жоғары технологиялық оқу зертханаларын құруды көздейтін материалдық-техникалық базасын нығайту;
- іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді дамыту, олардың нәтижелерін өндіріске енгізу және коммерцияландыру;
- білім беру қызметтері мен ғылыми-зерттеу өнімдерінің деңгейін арттыруға бағытталған сапа менеджменті жүйесін нығайту;
- өзара тиімді ғылыми-білім беруді және өзге де жобаларды іске асыру мақсатында шетелдік әріптестермен халықаралық ынтымақтастықты кеңейтумен қатар оқытушылар мен білім алушылардың академиялық

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

ұтқырлығын іске асыру мақсатында шетелдік азаматтарды Университетте оқуға тарту үшін шетелдік әріптестермен халықаралық ынтымақтастықты кеңейту;

- студенттердің, сондай-ақ ОПК-ның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін дамуына қажетті жағдай жасау;
- Университеттің танымал брендин қалыптастыру.

3. ЖАҒАНДЫҚ ҮРДІСТЕРДІ ЖӘНЕ БҮГІНГІ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ, ТӘУЕКЕЛ ҚАУПІН БАСҚАРУ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР

3.1 Ағымдағы жағдай мен ұзақ мерзімді мақсаттарды ескере отырып, Университетті дамытудың негізгі көрсеткіштері мен білім беру ұйымының перспективалары

«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КеАҚ Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасы және Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың тапсырмасы бойынша құрылды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 наурыздағы № 129 қаулысымен Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында бекітілген «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы құрылды. Оны құрудың негізгі мақсаты «туристік өнімдер мен қызметтердің сапасын және қолжетімділігін арттыру. 2020 жылдың 25 мамырында «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің қызметтері, дене шынықтыру және спорт саласындағы білім беру қызметін жүзеге асыруға № KZ05LAA00018250 мемлекеттік лицензиясы берілді. Сондай-ақ ЖОО-ның профессорлық-оқытушылық құрамы қалыптастырылды. Түркістан қаласындағы оқу орнының қызметін қамтамасыз ету мақсатында оған Қолөнершілер орталығының ғимараты, Олимпиадалық резерв мектебі, жатақханасы бар Мектеп-интернат берілді.

Университет өз қызметінде Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 15 ақпандағы (№ 636) 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген), Қазақстан Республикасының «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын (2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827), 2019-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы туристік саланы дамыту мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің 2020-2024 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020-2024 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын (МЖМБС) және басқа да нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

Білім алушыларға бірегей оқу бағдарламалары мен академиялық ұтқырлық негізінде оқытудың деңгейін, мазмұнын, нысаны мен мерзімдерін таңдаудың кең мүмкіндіктерін ұсыну арқылы Қазақстандағы мамандарды даярлаудың озық жүйесін құру Университеттің стратегиялық міндеті болып табылады.

Университет бірегей мамандандырылған инновациялық білім беру мекемесі болып табылады. Оның жұмыс істеуі басқа салалармен тығыз байланысты туристік сала мен меймандостық индустриясы үшін болашақ мамандарды жеке-бағдарлы оқыту, тәрбиелеу негізінде жоспарланады және бұл олардың экономикалық маңыздылығын арттырады.


Халықаралық туризм және меймандостық Университетінің 2020-2024 жылдарға арналған даму стратегиясы туристік саланың және меймандостық индустриясының ерекшеліктерін ескере отырып, Университеттің білім беру қызметін дамытудың негізгі бағыттары, міндеттері мен негізгі көрсеткіштері айқындалған.

Университет басым бағытта ғылыми әзірлемелерді, тұтынушы ұйымдармен және түлектерге жұмыс берушілермен ынтымақтастықты барлық кезеңдерде, яғни басым міндеттерді бірлесе атқарудан бастап ғылыми нәтижелерді тәжірибеге енгізуге дейін дамытуды жоспарлап отыр.

Университеттің ұйымдық құрылымы А қосымшасында берілген.

3.2 Мамандарды даярлау

Бакалавриаттың 6 түрлі білім беру бағдарламасы бойынша мамандарды даярлау мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі: «6В11101 – Туризм индустриясын және меймандостықты ұйымдастыру», «6В11102 – Халықаралық және ішкі туризм», «6В11103 – Экскурсиялық қызметтер мен жеке турларды ұйымдастыру», «6В11104 – Қонақ үй және мейрамхана

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

бизнесі», «6В11105 – Туристік дестинациялардың менеджменті», «6В01401 – Дене шынықтыру және спорт».

Бұдан әрі үздіксіз білім беруді қамтамасыз ету үшін Университетте магистратура және докторантура бағдарламалары енгізілетін болады. Сонымен қатар, Университет базасында колледж ашу да жоспарланған.

Университетте білім беру үдерісінің мақсаты отандық және халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жоғары сапалы оқытуды қамтамасыз ету. Жоғары оқу орнының барлық білім беру қызметі бәсекеге қабілетті, ішкі және сыртқы нарықтардағы тұтынушының сұранысына бейімделген, туризм және меймандостық индустриясында жұмыс істей алатын, практикалық дағдылары мен көшбасшылық қасиеттері бар, бірнеше шет тілдерін еркін меңгерген мамандарды даярлауға бағытталған.


Алғашқы бейіндік Университет маңызды қызметтері – оқытудың әлемдік стандарттарын, тәжірибеге және студентке бағдарланған тәсілдерді енгізу, сондай-ақ туризм, меймандостық және спорт саласы үшін мамандар даярлау мақсатында жақын және алыс шетелдерден білім алушыларды тарту. Студенттер үшін туризм, меймандостық және спорт саласындағы шетелдік жетекші білім беру мекемелері мен ұйымдарында тәжірибеден өту мүмкіндігі бар.

Білім алушының кәсіптік құзыреттерінің жиынтығын, кәсіптік оқытудың мазмұны мен модульдік құрылымын, оқу үдерісінің ұйымдастыру тұжырымдамасын білдіретін модульдік-құзыреттілік тәсілдер негізінде Университеттің білім беру бағдарламалары жасалады. Бұл тәсілде білім беру бағдарламалары мынадай маңызды белгілермен сипатталады: құзыреттілік тәсіл, яғни құзыреттілік түрінде көрсетілген оқыту нәтижелеріне бағдарлау; модульдік құрылыс; ECTS кредиттерімен есептелетін оқу жүктемесінің көлемі. Сонымен қатар, құзыреттілік – модульдер – кредиттер бір-бірімен тығыз байланысты болады.

2020 жылдың 1 қыркүйегінде 588 білім алушылармен Университет өзінің алғашқы 2020-2021 оқу жылын бастады.

3.3 Профессор-оқытушылық құрам

Университеттің профессор-оқытушылар құрамын (бұдан әрі – ОПҚ) және қызметкерлерін қабылдау конкурстық негізде жүзеге асырылады. Оның негізгі критерийі туризм және меймандостық саласындағы жаңа идеяларды қабылдауға және іске асыруға қабілетті мамандардың кәсіби тәжірибесі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

ОПҚ жалпы саны 35 адамды құрайды және оның ішінде 29-ы штаттық қызметкерлер. Білім беру үдерісі Туризм және спорт факультетінде жүзеге асырылады және онда екі кафедра жұмыс істейді – «Туризм және меймандостық», «Спорт және жалпы білім беретін пәндер».

Университет жетекші шетелдік ғалымдардың шақыруымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бағдарламасын жүзеге асыруды қарастырады. Жақын және алыс шет елдердің оқу орындарында ОПҚ жұмыс тәжірибесімен алмасуға, ғылыми-білім беру және туристік салаларда бірлескен жұмыстар жүргізу үшін шарттар жасасуға және оларды іске асыруға үлкен көңіл бөлінеді.


Оқытушылар құрамының кәсібилігі – білім беру үдерісінің сапасын жетілдіруге бағытталған негізгі мақсаттардың бірі. Тәжірибе алмасу, жас мамандарды оқыту, біліктілікті арттыру, жұмыстағы сабақтастық – Университеттің білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етудің басты міндеттері. ОПҚ біліктілігін арттыру Университеттің құрылымдық бөлімшесі – Құзыреттілік және жастар саясаты орталығында (бұдан әрі – ҚЖЖСО) жүзеге асырылады. Бұл үдеріс тыңдаушыларға түрлі курстар, мастер-кластар, семинар-тренингтер, ашық дәрістер, тақырыптық дөңгелек үстелдер және басқа да осыған ұқсас іс-шаралар өткізуді қамтиды.

Сонымен қатар, ОПҚ-ның төмендегі міндеттерді шешуге бағытталған ғылыми-зерттеу қызметіндегі құзыреттілігінен тұратын ЖОО-ның инновациялық әлеуетін ескеру қажет:

- ғылыми қызметті өзектендіру (жетекші журналдардағы жарияланымдардың саны және олардың дәйексөзділігі, оқытушылардың келтірілген штаттық құрамының бірлігі мен уақыт бірлігіне жатады);
- ғылыми-зерттеу саласындағы ұйымдастырушылық белсенділік (ғылыми гранттардың, келісімшарттардың, сыртқы тапсырыс берушілермен шарттардың көлемі ОПҚ-ның келтірілген штаттық құрамының бірлігіне және уақыт бірлігіне).

3.4 Ғылыми-зерттеу қызметі

Университеттегі ғылыми жұмыс «Қазақстан – 2050» Стратегиясына, ҚР «Ғылым туралы», «Білім туралы» Заңдарына, стратегиялық даму жоспарына және ғылыми-зерттеу жұмыстарының (бұдан әрі – ҒЗЖ) жылдық жоспарларына сәйкес, ел Президенті Қ.К. Тоқаев белгілеген басым бағыттарды ескере отырып жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

Университеттің ғылыми-зерттеу әлеуеті бәсекеге қабілетті ғылыми жобалар жасауға, елдің индустриялық-инновациялық стратегиясын іске асыруға жәрдемдесуге, инновациялар және ғылыми зерттеулер мен жаңа технологиялар нәтижелерін енгізу арқылы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын арттыруға бағытталған.

Университеттің ғылыми-зерттеу қызметіне қойылатын негізгі талаптары: өзектілік, жоғары теориялық деңгей, тәжірибелік маңыздылық, оқу үдерісімен тығыз байланыс, сондай-ақ өңірдің және тұтастай елдің дамуына үлес қосу мақсатында ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру деңгейі.

Ғылыми зерттеулер бекітілген ҒЗЖ жоспарына, оқытушылардың жеке жұмыс жоспарларына сәйкес оқу үдерісімен тығыз өзара байланыста жүргізіледі.

Жастарды белсенді түрде ғылымға тарту мақсатында Университетте Студенттік ғылыми орталық (бұдан әрі – СҒО) құрылды. Оның қызметі студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын дамыту, олардың ЖОО қабырғасында өткізілетін ғылыми ізденістерге қатысуы арқылы мамандар қалыптастыру үшін қолайлы жағдай жасауға және дамытуға; әрбір білім алушы үшін оның қабілеттері мен қажеттіліктеріне сәйкес тұлғаның шығармашылық дамуына өз құқығын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталған.

СҒО-ның негізгі міндеттері:

- білім алушылардың ғылыми даярлық деңгейін арттыру;
- жас мамандарды кәсіби даярлау сапасын арттыру;
- шығармашылық белсенділікті қалыптастыру үшін жағдай жасау;
- студенттерге өз бетінше ғылыми ізденіс жүргізуге және олардың ғылыми жұмысын ұйымдастырумен қамтамасыз етуге көмек көрсету;
- студенттерді жоспарланған ғылыми конференциялар, конкурстар, көрмелер және т.б. іс-шаралар туралы және оларға қатысу мүмкіндігі туралы білімгерлерді уақтылы хабардар ету;
- кафедралардың ҒЗЖ, кафедрааралық бірлестік тақырыбы бойынша, оның ішінде шарттық жобаларда ғылыми-практикалық зерттеулер мен ғылыми-практикалық іс-шаралар өткізуді қамтамасыз етеді.

3.5 Халықаралық байланыстар

Шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық – Университетті дамытудың басым бағыттарының бірі. Ол үздік бейінді жоғары оқу

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

орындарының рейтингінде көшбасшылық орынды алу үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұған ғылым мен білімнің жетекші орталықтарының тәжірибесін алу арқылы ғана қол жеткізуге болады. Осы мақсатта Университет шетелдік әріптестермен өзара ынтымақтастық туралы меморандумдар, шарттар және келісімдер жасайды. Мысалы, 2019-2020 жж. Университет Еуропа, Таяу Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азияның төмендегі шетелдік жоғары оқу орындарымен және ғылыми білім беру орталықтарымен ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойды:

- «KinderWorld» Пегас Білім Беру Тобы, Сингапур;
- Тейлор Университеті, Малайзия;
- Мәдени мұра институты, Біріккен Араб Әмірліктері;
- Ресей халықтар достығы университеті, Ресей Федерациясы;
- Анталия туризм академиясы, Түркия;
- Туризм және қонақ үй менеджменті институты, Австрия;
- Анже Университеті, Франция.

2019 жылдың 16 желтоқсанындағы өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қою бойынша UNWTO өкілдерімен уағдаластыққа қол жеткізілді.

2019 жылы Халықаралық Туризм университетімен (Самарқанд қ., Өзбекстан) «Жібек жолы» желілік серіктестігі туралы келісімге қол қойылды. Осы желілік әріптестік туралы келісім екі мемлекеттің аумағында жарамды қос диплом беруді көздейтін жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастықты, оқытушылар және студенттермен алмасуды, тәжірибеден және тағылымдамадан өтуді, бірлескен зерттеулер жүргізуді, «2+2» жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастық шеңберінде бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеуді және енгізуді көздейді. Сонымен қатар, «Жібек жолындағы туризм» жобасы аясында зерттеулер жүргізу үшін Университетте «Жібек жолы» кафедрасының ашылуы жоспарлануда.

Халықаралық тәжірибе мен идеялармен алмасуды кеңейту және ЖОО-ның әлемдік ғылыми қоғамдастыққа кірігу үдерісін жеделдету мақсатында Университет ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар (воркшоптар), көрмелер мен әртүрлі деңгейдегі дөңгелек үстелдер өткізуді жоспарлап отыр.

Халықаралық ынтымақтастық шеңберінде Университет жанынан халықаралық стандарттарға сәйкес туризм саласында оқыту бойынша түрлі бастамаларды әзірлеу және іске асыру үшін UNWTO академиясымен қауымдастырылған Халықаралық білім беру орталығы құрылатын болады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

Бұл орталықтың құрылуы студенттер мен оқытушылар алмасуына, ғылыми-зерттеу өзегін құруға, оқу бағдарламаларының бірыңғай стандарттарын әзірлеуге мүмкіндік береді.

3.6 Тәрбие жұмысы

Университеттегі тәрбие жұмысы білім алушыны мәдениетті, рухани әлемі бай, өз елінің азаматы және патриоты, тұтас тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталған. Оны Тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректор үйлестіріп, ҚжЖСО, деканат және кафедралар жүзеге асырады.

Жоғары оқу орнында 19 адамнан тұратын Студенттік Парламент құрылды және оның қызметі жастар саясатының мынадай басым міндеттерін іске асыруға бағытталған:


- студентте ұлтаралық бірлік пен діни толеранттылық рухын тәрбиелеу;
- азаматтық ұстаным, патриотизм, өз елі мен халқы үшін мақтанш сезімін қалыптастыру;
- өз тарихи-мәдени бастауларын ұғыну;
- адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін дамыту.

Азаматтық қоғамды нығайту және волонтерлік қозғалыстың рөлін күшейту мақсатында Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев 2020 жылды «Еріктілер жылы» деп жариялады. Қойылған міндеттерді іске асыру үшін Университетте «Aq niyet» еріктілер клубы құрылды. Оның қызметі білім алушыларды Университеттің қоғамдық өміріне тарту мен белсенді әлеуметтік, азаматтық ұстанымды қалыптастыруға бағытталған. 45 адам еріктілер қатарына қосылып, «Ашық жүрек» республикалық акциясына қатысты.

Келесі, 2 команда ұсынылған «Ashyq alan» пікірсайыс клубы студенттердің шешендік шеберлігін, аналитикалық ойлауын, саяси сауаттылығы мен пікірсайыс кезіндегі әдептілігін дамытуға бағытталған.

2020 жылдың 16 қазанында Университет Облыстық жастар ресурстық орталығымен және Түркістан облысы Ұлттық еріктілер лигасының филиалымен Жастар саясаты саласындағы өзара іс-қимыл туралы Меморандумға қол қойды.

Нәтижесінде, Университет студенттері «Birge – taza Qazaqstan» экологиялық акциясы аясында «Оранғай» және «Құсшы ата» киелі жерлерін тазалау жұмысына белсенді қатысты.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

3.7 Материалдық-техникалық база

Университет мазмұны сапалы білім беру қызметтерін ұсыну үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ететін заманауи ресурстарға ие. Университет 3 оқу ғимаратында орналастырылған (Қолөнершілер орталығы, Олимпиадалық резерв мектебі, Мектеп-интернат) және жалпы ауданы 14 314,1 м², 290 орындық жатақханасы бар. Оның ішінде: Қолөнершілер орталығы – 6 193,8 м², Олимпиадалық резерв мектебі – 2 673,3 м², Мектеп-интернат – 3 021,4 м², 290 орындық жатақхана – 2 425,6 м².

Басқа қаладан келген студенттерді санузелмен және жуғышпен жабдықталған тұрғын үй секциялары, жуынатын бөлмелер, кір жуатын орындар, электр плиталары бар тұрмыстық бөлмелер, теледидарлар мен компьютерлері бар демалыс бөлмелері және интернет желісіне қол жеткізу мүмкіндігі бар жатақханамен қамтамасыз ету қарастырылған.

Сонымен қатар, қолөнершілер орталығына барлық қажетті заманауи құрылымдармен жабдықталған мұражай мен кітапхана орналастыру қарастырылған.


Білім алушылар мен оқытушылар үшін оқу-әдістемелік және оқу-әкімшілік ақпаратты қамтитын «Platonus» қашықтықтан білім беру порталы жұмыс істейді.

Туризмде пайдаланылатын ақпараттық технологиялар жүйесі компьютерлік резервтеу және телеконференциялар жүргізу жүйесінен, бейнетүсірілімдерден, компьютерлерден, басқарудың ақпараттық жүйелерінен, авиажелілердің электрондық ақпараттық жүйелерінен, ақшаны электрондық жіберуден, телефон желілерінен, жылжымалы қатынас құралдарынан және т.б. тұрады. Сонымен қатар, туризмнің әр сегментінің ақпараттық технологиялар жүйесін қолдануы барлық басқа бөліктер үшін маңызды.

Осыған байланысты, Университетте меймандостық технологиясының сандық зертханасын құру қарастырылған. Зертхананы бағдарламалық қамтамасыз етумен жабдықтау мақсатында қонақ үйді басқаруға арналған БҚ, мейрамханаларды автоматтандыруға арналған БҚ сатып алу көзделген.

Қонақ үйді басқаруға арналған БҚ бағдарламамен қонақ үйді автоматтандыру, брондау және орналастыру қызметінің тиімді жұмысын ұйымдастырумен қатар, басқа бөлімшелердің қызметін сәтті басқаруға, қонақ үй ішіндегі бизнес-үдерістерді сенімді бақылауға мүмкіндік береді.

Мейрамханаларды автоматтандыруға арналған БҚ кез-келген форматтағы қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарын автоматтандыруға

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

арналған. Олар: бір кассасы бар шағын кафелер мен барлар және көп залды мейрамханалар мен ірі желілер үшін де, толық қызмет көрсету кәсіпорындары мен фаст-фуд мекемелері үшін де қолданылады.

Университетте заманауи жабдықталған аудиториялар болады.

Университеттің *қаржылық саясаты* жаңа бағдарламалық жасақтаманы пайдалану, кітапхана қорын толықтыру, білім беру ортасын қажетті техникамен және құралдармен жабдықтау арқылы оқу үдерісін тұрақты жетілдіруге бағытталған. ЖОО бюджеті қолданыстағы және жаңа мамандықтар үшін барлық білім беру бағдарламаларының қажеттіліктерін ескере отырып қалыптастырылады.

ЖОО-ның қаржы ресурстарын басқаруды қамтамасыз ету мақсатында Университеттің қаржылық қызметіне аудит және талдау тұрақты түрде жүргізілетін болады. Қаржылық менеджменттің негізгі рәсімдері Университеттің есеп саясатына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізу; әр апта қаржы баптарын және қаржы бөлімдерін бақылау; оқу ақысын төлеу жүйесі туралы Ережеге сәйкес студенттерден төлемдердің түсуін бақылау болып табылады.

Университет қаржылық менеджментті қаржыны басқаруда жаңа әдістер мен құралдарды енгізу жолымен жетілдіреді, аудит жүргізеді.

Бүгінгі таңда Университеттің қаржылық жағдайы тұрақты, берік, білім беру қызметін жүзеге асыру үшін жеткілікті және бұл бөлінген қаражат пен инвестицияны тиімді, ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді.


Университеттің қаржылық тұрақтылығының тиісті деңгейіне Бюджеттік инвестицияларды тарту арқылы жарғылық капиталды ұлғайту есебінен қол жеткізілді.

3.8 Университет қызметінің SWOT-талдауы

Университеттегі қазіргі жағдайды талдау нәтижелері келесідей:

Басым тұстары:

- Қазақстанның ең маңызды туристік орталықтарының бірі – Түркістан қаласын оқшаулау;
- заманауи кампус пен жаңа спорт кешенінің болуы;
- екі дипломды оқыту формасының болуы;
- дуалды оқытуды енгізу;
- оқу үдерісіне шетелдік оқытушылар және практиктерді тарту арқылы шетелдік тәжірибе мен білімді пайдалану;
- республикалық және шетелдік серіктестермен кең ынтымақтастық;

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

– ҚжЖСО жұмысы арқылы ОПҚ біліктілігін үздіксіз арттыру үшін мүмкіндіктердің болуы;

– шет тілдерін оқыту бағдарламаларын ұсынатын Халықаралық ынтымақтастық және тілдерді дамыту бөлімінің болуы: ағылшын, француз, қытай, араб, испан тілдері;

– шетелдік студенттер үшін оқу ақысын қалыптастырудағы икемді және қолжетімді баға саясаты.

Әлсіз тұстары:

– білім, ғылым және қызмет көрсету салаларының нашар байланысы;

– ОПҚ-ның шет тілдерін меңгеруінің жеткіліксіз деңгейі;

– шетелдік студенттердің болмауы;

– тек бакалавриатта білім беру бағдарламаларының болуы.

Мүмкіндіктер:

– Университет түлектеріне сұраныстың артуы;

– қашықтықтан оқытуды қолданудың кеңейтілуі;

– Университетті басқару жүйесін жақсартуда шетелдік тәжірибені пайдалану;

– қызмет көрсету саласындағы оқу үдерісі мен практика арасындағы байланысты нығайту;

– шетелдік студенттер мен оқытушыларды тарту;

– Университет базасында ОПҚ-ның кәсіби деңгейін арттыру;

– ғылыми жобалар әзірлеу мен іске асыру мақсатында шетелдік ғылыми-зерттеу орталықтарымен және ұйымдармен ынтымақтастық мүмкіндігі;

– халықаралық академиялық қауымдастыққа кірігу;

– International Central Asian Journal «Tourism and Social Sciences»

шығарылымы;

– маңызды әлеуметтік жобаларды іске асыруға жастарды кеңінен тарту.

Қауіптер:


– талапкерлер санының азаюы және олардың дайындық деңгейінің төмендігі;

– ақылы түрде оқитын студент санының аздығы;

– туристік индустрия үшін мамандар даярлайтын бәсекелес ЖОО болуы;


– пандемияға байланысты экономикалық жағдайдың нашарлауы;

– кадрлардың ситуациялық жиынтығы.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

3.9 Тәуекелдерді басқару

Стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге әсер ететін ішкі тәуекелдер	Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар
Тек бакалавриатта білім беру бағдарламаларының болуы	Болашақта Университет базасында магистратура мен докторантураны ашу
Талапкерлердің білім деңгейінің төмендігі	Жоғары білімді танымал ету және кәсіби бағдар беру науқанын жандандыру
Көптілді оқытушылар мен білім алушылардың аздығы	Тіл курстарын ұйымдастыру
Шетелдік студенттердің болмауы	Шетелде кәсіби бағдарлау науқанын іске қосу
Стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге әсер ететін сыртқы тәуекелдер	Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар
Жастардың оқуға құлықсыздығы	ЖОО-ға түсушілер үшін дайындық курстарын құру
Жастардың спортқа деген қызығушылығының төмендеуі	Салауатты өмір салтын насихаттау; Спорт секцияларын ашу; Спорттық инфрақұрылымды жақсарту
Жұмыс орындарының болмауы немесе аздығы	Кадрларды нарық қажеттіліктеріне қарай даярлау; Мамандар даярлау үдерісіне жұмыс берушілерді тарту, білім беру мен қызмет көрсету салаларын кіріктіру
Қаржы дағдарысы	Университет шығындарын оңтайландыру; Қаржыландырудың басқа көздерін іздеу; Студентке оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер беру
Жастардың шетелде білім алу көші-қоны	Талапкерлердің ЖОО-ға түсу ережелерін жақсарту; Мемлекеттік гранттар санын ұлғайту
Елдегі демографиялық ахуалдың	Университеттің кәсіби бағдар беру

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

нашарлауы	қызметін жандандыру
-----------	---------------------

4. УНИВЕРСИТЕТТІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

4.1 Стратегиялық бағыт 1. Бәсекеге қабілетті мамандарды сапалы даярлауды қамтамасыз ету

Университеттің басты стратегиялық бағыты – қазақстандық еңбек нарығының қажеттіліктері үшін бәсекеге қабілетті кадрлар даярлау. Өңірлік жоғары оқу орнын бейіндеуді көздейтін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жүргізіп отырған Жоғары білім беруді жаңғырту саясатын қолдай отырып, Қазақстан өңірлерінің ерекшелігін және экономика салалары үшін кадрлардың нақты қажеттілігін ескере отырып, даярлау бағыттары мен білім беру бағдарламаларының тізбесін ретке келтіру бойынша жұмыс жүргізуде. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесін жоспарлау кезінде Университет мемлекеттің экономикалық қызметін жүзеге асыру үшін қажетті жұмыс күшінің саны мен құрамы туралы толық және сенімді ақпаратқа негізделеді. Өңірлер мен жалпы ел бөлінісінде салалар бойынша кәсіптердің неғұрлым сұранысқа ие топтары мен жұмыспен қамтудың өсуі Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі әзірлеген 2021-2024 жылдарға арналған кадрларға қажеттілікті айқындау жөніндегі орта мерзімді болжамында нақтыланған.

Университетте оқу-білім беру қызметінің мониторингі келесі блоктар бойынша қалыптастырылған шарттар мен көрсеткіштерге сәйкес тұрақты негізде жүзеге асырылады:

1. Студенттер контингенті;
2. ОПК контингенті;
3. Академиялық ұтқырлық;
4. Білім беру бағдарламалары;
5. ОПК біліктілігін арттыру;
6. Университеттің рейтингтердегі позициялары;
7. Түлектерді жұмысқа орналастыру.

Мақсаты: білім, ғылым және инновацияларды интеграциялау есебінен отандық және халықаралық еңбек нарығында жоғары білікті, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау.

Міндеттері:

– Университетке білім алушыларды қабылдау сапасын қамтамасыз ету, кәсіптік бағдар беру жұмысының жаңа нысандарын пайдалану, дарынды

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

оқушыларды анықтау және қолдау мақсатында орта және кәсіптік-техникалық білім беру мекемелерімен ынтымақтастық жасау, білім беру мекемелерінің оқушылары үшін ғылыми іс-шаралар, олимпиадалар мен конкурстар, ашық есік күндерін ұйымдастыру және өткізу, практикадан өту үдерісіне тарту;

– талапкерлердің үздік даярлығына және талантты жастарды тартуға ықпал ететін орта білім беру ұйымдарымен бірлескен білім беру жобаларын іске асыру;

– бәсекеге қабілетті түлектерді дайындау үшін әлемдік үрдістер аясында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңғырту, жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып және Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі және Білім және ғылым министрлігі бағдарламалық міндеттері негізінде жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу және тұрақты жетілдіру мен үштілді оқытуды дамыту;

– индустриядан мамандарды тарта отырып, экономиканың басым салалары үшін жоғары білікті мамандарды даярлаудың тәжірибеге бағытталған білім беру бағдарламаларын енгізу, сабақтар мен шеберлік сыныптарын өткізу мақсатында жетекші отандық және шетелдік практик мамандарды тарту;


– кәсіптік білім берудің заманауи стандарттарына сәйкес білім беру үдерісін жетілдіру, зерттеу/практикалық компонентті кеңейту, құзыреттілікке және тұлғаға бағытталған тәсілге негізделген оқу үдерісін цифрландыру;

– ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдануға негізделген жаңа білім беру технологияларын енгізу және инклюзивтік білім беру мен ересектерге арналған білім беруді (life-long learning) қоса алғанда, онлайн-оқыту мен ЖАОК-ның білім беру үдерісіне, оның ішінде қосымша біліктілік алу үшін («minor»), сондай-ақ, қайта даярлау және біліктілікті арттыру бағдарламалары шеңберінде білім беру қызметтерін алушылардың нысаналы топтарын кеңейту есебінен ұсынылатын білім беру қызметтерін ертарандыру;

– қоғамдық-саяси, құқықтық сауаттылықты қалыптастыру, жастар арасында діни экстремизм мен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында білім алушыларды құқықтық тәрбиелеуді қамтамасыз ету;

– жұмысқа орналасқан түлектер үлесін арттыру.

Күтілетін нәтижелер:

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

1. Біліктілікті үздіксіз арттыру, өзін-өзі дамыту және кәсіби жетілдіру, заманауи білім беру технологияларын енгізу есебінен кадрлық әлеуетті дамыту және жаңарту. Сертификатталған ОПҚ және оқытушы-практиктердің санын ұлғайту;

2. Жұмыс берушілердің нақты қажеттіліктеріне жауап беретін кәсіби қайта даярлау біліктілігін арттыру моделін іске асыру. Жұмыс берушілердің түлектердің кәсіптік даярлық сапасына қанағаттануын арттыру;

3. Оқытудың жеке траекториясын құру және әлем университеттерінің білім беру бағдарламаларын конверсиялау, білім беру бағдарламаларын әртараптандыру, білім беру үдерісін цифрландыру есебінен білім алушылардың қанағаттануын арттыру;

4. Іргелі даярлықты нығайту, оқу үдерісі мен ғылыми зерттеулерді біріктіру, білім беру бағдарламаларын зерттеулер нәтижелерін пайдалану негізінде жаңарту және жетілдіру; халықаралық зерттеу университеттерінің деңгейіне қол жеткізуге бағытталған білім беру үдерісін жаңғырту;

5. Студенттер мен оқытушылардың халықаралық академиялық ұтқырлық әуселесін кеңейту;

6. Танылған әлемдік агенттіктерде барлық білім беру бағдарламаларын халықаралық аккредиттеу;

7. Жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен қос дипломды білім берудің халықаралық бағдарламаларын сапалы және сандық тұрғыдан ұлғайту;

8. Университетті бітіргеннен кейінгі бірінші жыл ішінде түлектердің кемінде 74%-ы сәтті жұмысқа орналасуы.

4.2 Стратегиялық бағыт 2. Кадрлық әлеуетті және Университетті басқару жүйесін сапалы жетілдіру

Университеттің кадрлық саясатының негізгі мақсаты экономикалық ынталандыру мен әлеуметтік кепілдіктерге негізделген және жұмыс берушінің де, қызметкердің де мүдделерін үйлестіруге, олардың Университет игілігі үшін қарым-қатынастарын дамытуға ықпал ететін бәсекеге қабілетті ортадағы көшбасшылықты қамтамасыз ету мен барынша тиімділікке қол жеткізуге бағытталған адами ресурстарды басқару жүйесін құру арқылы персоналды басқару тиімділігін арттыру болып табылады.

Кадр саясатының стратегиясы қызметкерлерді қолдауға және дамуы мен жетістікке жетуге мүмкіндік жасауға, ұйымдастырушылық жоспардың сәттілігіне үлес қосуға бағытталған. Университетте әзірленген

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

оқытушылардың жұмыс сапасын бағалау жүйесіне келесі принциптер негіз болды: максималды объективтілік, оқытушының барлық іс-әрекеттерін қамту, ол орындайтын жұмыстың жекелеген түрлерін сандық бағалау және жыл бойына оның жұмысын жалпы интегралды бағалау.

Оқу жылы бойы заң және кадр қызметі бөлімі, оқу үдерісін ұйымдастыру бөлімі Туризм және спорт факультетімен бірлесіп, ОПҚ мен қызметкерлердің еңбек тәртібін (жұмыс уақытын есепке алу, сабақтардың өткізілмеуі) және этикалық нормаларды сақтауына мониторинг жүргізетін болады. Бұзылған жағдайда бұл мәселе Университеттің Тәртіптік кеңесінде қаралатын болады.


Кәсіби даярлық деңгейін, шығармашылық педагогикалық ұжымда жұмыс істеу қабілетін айқындау мақсатында кадрларды аттестаттау кезең-кезеңімен жүзеге асырылады.

ОПҚ бағалау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Жоғары оқу орындарының ғылыми-педагогикалық (профессорлық-оқытушылық құрам, ғылыми қызметкерлер) персоналының лауазымдарына конкурстық орналасу қағидаларын бекіту туралы» (23.04.2015 жылғы №230) бұйрығы негізінде ЖОО-ның шығармашылық ерекшелігін ескере отырып, профессор-оқытушылар құрамының бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

ОПҚ-ның оқу жұмысын жоспарлауды кафедра меңгерушісі оқу жүктемесі мен бөлінген штат шегінде жүзеге асырады. Оқытушылар арасында олардың біліктілігін ескере отырып, оқу жүктемесін бөлу жүргізіледі. Толық мөлшерлемемен жұмыс істейтін штаттағы оқытушының оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, ұйымдастыру-әдістемелік, тәрбие және басқа да жұмыс түрлерін орындауын ескере отырып, жүктемесінің жалпы көлемі бес жұмыс күні және аптасына 40 жұмыс сағаты шегінде кредитпен бағаланады және лауазымына байланысты болады. Жеке құжаттаманы жүргізу Университетке қабылданған істер номенклатурасына негізделеді. Барлық бөлімдер бойынша жеке жоспарлардың уақытылы және дұрыс жүргізілуін кафедра меңгерушісі бақылайды.

Мақсаттарға тиімді қол жеткізуді жоғарылататын профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлер үшін ынталандырудың болуы:

1. ЖОО арасында ең жоғары жалақы деңгейінің бірі;
2. Қолайлы моральдық-психологиялық климат;
3. Материалдық-техникалық базаны сапалы жақсартылуы;

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

4. Дәрістік және практикалық сабақтарды өткізу үшін оқу аудиторияларын барлық қажетті оқу құралдарымен жабдықтау;

5. Оқытушыларға ыңғайлы және жабдықталған кафедралар;

6. Университеттің қолайлы аумақтық орналасуы;

7. Әр түрлі бағдарламалар бойынша шетелге сапар шегу мүмкіндігі.

Мақсаты: Университеттің әкімшілік-басқару қызметкерлері мен профессорлық-оқытушылық құрамының кәсіби деңгейін арттыру.

Міндеттері:

– Университет базасында басқару және білім беру саласында біліктілікті арттыру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;

– менеджмент саласындағы ЖОО құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлерінің біліктілігін арттыру;

– ОПК біліктілігін арттыру;

– ОПК, әкімшілік-басқару персоналының (бұдан әрі – ӘБП) және оқукөмекші персоналдың (бұдан әрі – ОКП) біліктілігін арттыру курстарынан өту мониторингі;

– кадрлық саясат саласындағы ішкі нормативтік құжаттарды, соның ішінде, біліктілік талаптарын, лауазымдық нұсқаулықтарды және Университеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді әзірлеу;

– оқыту сапасын бағалау мақсатында сабаққа қатысу.

Күтілетін нәтижелер:

1. ОПК, ӘБП және ОКП біліктілігі мен құзыреттілігін арттыру;

2. Сертификатталған кадрлар үлесін арттыру;

3. Жоғары оқу орнын басқару сапасының менеджменттік жүйесін жақсарту;


4. Білім беру сапасының деңгейін арттыру;

5. Білім нарығында Университет рейтингін көтеру.

4.3 Стратегиялық бағыт 3. Ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметті дамыту үшін жағдайларды жетілдіру

Ғылыми-зерттеу мен инновациялық қызметті дамыту, қолда бар ғылыми әлеуетті тиімді және ұтымды пайдалану мақсатында, сондай-ақ өңірдің түрлі құрылымдары мен Университет ғалымдары арасындағы байланысты қамтамасыз ету үшін ғылыми зерттеулердің төрт негізгі бағыты айқындалды:

1. Қазақстандағы туризмнің тұрақты дамуы;

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

2. Ұлы Жібек жолының қазақстандық учаскесінде жаңа форматты қонақжайлық кәсіпорындарын құру және дамыту;

3. Спорттық педагогика;

4. «Рухани жаңғыру» гуманитарлық зерттеулер орталығы.

Ғылыми зерттеулердің нәтижелері бакалаврларды, кейіннен магистранттар мен докторанттарды даярлау барысында оқу үдерісінде пайдаланылатын болады.

Гуманитарлық ғылымдар саласындағы ғылыми зерттеулердің негізгі нәтижелері жарияланатын «ХТЖМУ Хабаршысы» республикалық журналын және International Central Asian Journal «Tourism and Social Sciences» шығару жоспарлануда.


Инновациялық жобалардың қажеттілігі мен практикалық іске асырылуын қамтамасыз ететін ғылыми-инновациялық үдерістің маңызды кезеңі – ғылыми талдауларды коммерцияландыру. Университетте осы оқу орнының ғалымдарының ғылыми әзірлемелерін енгізудің кезеңдік жоспары дайындалуда. Осы мақсатта түрлі ұйым өкілдерінің қатысуымен семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізіледі.

Халықаралық және республикалық ғылыми іс-шаралар жоспарына сәйкес жыл сайын халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференциялар мен дөңгелек үстелдер өткізу жоспарланып отыр.

Халықаралық индекстелетін басылымдарда ОПК-ның жариялау белсенділігін арттыру үшін оқыту семинарларын тұрақты өткізу жоспарланған.

Жүргізілетін ғылыми зерттеулер Университеттің стратегиялық мақсаттарын іске асыруына ықпал ететін болады және ҒЗЖ орындауға тек ОПК ғана емес, студенттер де тартылатын болады. Бұл білім беру, ғылым және қызмет көрсету саласындағы бизнесті интеграциялау негізінде ғылыми және практикалық міндеттерді шешу үшін бәсекеге қабілетті мамандар даярлауды қамтамасыз етеді.

Университетте ғылыми еңбектердің электрондық базасын құру жоспарланып отыр. Академиялық адалдық қағидаттарын іске асыру және ғылыми этика қағидаттарын сақтау шеңберінде ЖОО-да ғалымдардың, ОПК және білім алушылардың ғылыми еңбектерін, жазбаша жұмыстарын заңсыз қарызға алу, академиялық алаяқтық фактілеріне жол бермеу тұрғысынан плагиатты анықтауға арналған электрондық жүйені сараптау тетігі бекітілген.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»


Мақсаты: қызмет көрсету саласындағы ғылым, білім және инновациялық өндірісті тиімді интеграциялай отырып, Университетті қазіргі заманғы зерттеу инновациялық ЖОО-на айналдыру.

Міндеттері:

- оқу үдерісінде зерттеу компонентін кеңейту және оқу үдерісі мен ғылыми зерттеулердің бірлігін қамтамасыз ету;
- Университеттің халықаралық деңгейде танылуын, ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелілігін арттыру, ЖОО ғылыми қызметі қорытындысын экономиканың нақты секторына интеграциялау және енгізу мақсатында перспективалық ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыру;
- шет елдердегі оқу орындар және ғылыми-өндірістік фирмалармен халықаралық ғылыми ынтымақтастықты дамыту;
- халықаралық ғылыми-білім беру кеңістігіне кіру мақсатында ОПҚ-ның жарияланымдық белсенділігін арттыру;
- ғылыми зерттеулер нәтижелілігінің мониторингі мен бағалау жүйесін кеңейту;
- көптеген ғылыми зерттеулердің нәтижелерін коммерцияландырылатын тауар өніміне жеткізу.

Күтілетін нәтижелер:

1. Жетекші ғылыми орталықтармен және ЖОО-мен бәсекеге қабілетті заманауи зерттеу Университетін қалыптастыру;
2. Заманауи талаптарға жауап беретін Университеттің тиімді ғылыми инфрақұрылымын нығайту;
3. Жаңа технологиялар құру, халықаралық ғылыми қорлармен және шет елдердің жетекші университеттерімен бірлескен жобаларды іске асырудан жаңа білімдер алу;
4. Мемлекет экономикасын әртараптандыру мақсатында ғылымды қажетсінетін технологиялар саласында ғалымдар даярлау үшін әлемнің жетекші университеттерімен белсенді ықпалдасу;
5. Студенттерді практикалық бағытталған даярлау үшін олардың кадрлық, технологиялық және зияткерлік ресурстарын тарта отырып, стратегиялық серіктестермен жобалардың ғылыми және білім беру бағдарламалары жүйесін құру;
6. Зерттеулер мен өңдеулердің бәсекеге қабілетті секторын арттыру;
7. Зерттеу мен өңдеу секторының білім беру, ғылыми-зерттеу мекемелерімен және жеке ұйымдармен өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін тиімді инновациялық ортаны дамыту;

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

8. Халықаралық және қазақстандық ғылыми-техникалық ақпарат көздерін тарта отырып, Университеттің ғылыми-зерттеу базасын құру;

9. Ғылыми зерттеулердің бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру және Университетті зерттеу кеңістігіне интеграциялау.

4.4 Стратегиялық бағыт 4. Білім, ғылым және қызмет көрсету салаларын интеграциялау

Білім мен ғылымды интеграцияламай, білім беру мен қызмет көрсету саласын интеграциялау мүмкін емес. Бұл үдеріс Университеттің көптеген ғылыми зерттеулердің нәтижелері практикалық қолдануға және коммерцияландыруға бағытталатын ғылыми-зерттеу орталығына міндетті түрде айналатындығын білдіреді.

Мақсаты: ғылыми зерттеулер мен инновациялық әзірлемелерді дамыту және тиімділігін арттыру, экономиканың, ғылым мен білім берудің жүйе құраушы салаларын дамытуға үлес қосу.

Міндеттері:

– Университеттің ғылым, білім, инновация және қызмет көрсету салаларын тиімді интеграциялай отырып, қазіргі заманғы зерттеу инновациялық университетіне айналуы;

– оқу үдерісінде зерттеу компонентін кеңейту және оқу үдерісі мен ғылыми зерттеулердің бірлігін қамтамасыз ету;

– Университеттің халықаралық деңгейде танылуын, ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелілігін арттыру, ғылыми қызметі нәтижелерін экономиканың нақты секторына интеграциялау және енгізу үшін перспективалық ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыру;

– ғылыми-техникалық өнімдер мен материалдарды жасау мақсатында қызметті жетілдіру;


– шет елдердің оқу орындарымен және ғылыми-өндірістік фирмаларымен халықаралық ғылыми ынтымақтастық дамыту;

– халықаралық ғылыми-білім беру кеңістігіне кіру мақсатында Университет ОПҚ-ның жариялау белсенділігін арттыру;

– нәтижелері нақты практикада қолданылатын және коммерцияландырылатын ғылыми зерттеулердің нәтижелілігін мониторингтеу мен бағалау жүйесін кеңейту.

Күтілетін нәтижелер:

1. Жетекші ғылыми орталықтармен және университеттермен бәсекеге қабілетті заманауи зерттеу Университетін қалыптастыру;

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

2. Заманауи талаптарға жауап беретін Университеттің тиімді ғылыми инфрақұрылымын нығайту;

3. Жаңа технологияларды құру, халықаралық ғылыми қорлармен және шет елдердің жетекші университеттерімен бірлескен жобаларды іске асырудан жаңа білім алу;

4. Ел экономикасын әртараптандыру үшін ғылымды қажетсінетін технологиялар саласында ғалымдар даярлау мақсатында әлемнің жетекші университеттерімен белсенді ықпалдасу;

5. Студенттерді практикаға бағдарланған даярлау үшін олардың кадрлық, технологиялық және зияткерлік ресурстарын тарта отырып, стратегиялық әріптестермен жобалардың ғылыми және білім беру бағдарламалары жүйесін құру;

6. Зерттеулер мен әзірлемелердің бәсекеге қабілетті секторын арттыру: зерттеу нәтижелерін пайдалану институттарын дамыту; зерттеулер мен әзірлемелер секторының білім беру, ғылыми-зерттеу мекемелерімен және жеке ұйымдармен өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін тиімді инновациялық ортаны дамыту;

7. Халықаралық және қазақстандық ғылыми-техникалық ақпарат көздерін тарта отырып, Университеттің ғылыми-зерттеу базасын құру;

8. Ғылыми зерттеулердің бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру және Университетті зерттеу кеңістігіне интеграциялау.


4.5 Стратегиялық бағыт 5. Инфрақұрылымды және материалдық-техникалық базаны дамыту

Түркістан облысы әкімінің 15.04.2020 жылғы №41/3753 хатына сәйкес Түркістан қаласы әкімдігінің коммуналдық меншігіндегі ғимараттарды Университетке беру туралы шешімі қабылданды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушы 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 348 бұйрығымен бекітілген ҚР МжСМ – нің 2020-2024 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында (бұдан әрі – Стратегиялық жоспар) «Халықаралық Туризм және меймандостық университеті» КеАҚ үшін ғимараттарды жабдықтау және салу жөніндегі іс-шаралар көзделмеген. Осыған байланысты, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Стратегиялық жоспарға өзгеріс енгізуді ұсынды.

Университетте келесі оқу полигондарын құру жоспарлануда:

– шоу-рум – люкс, жартылай люкс, стандарт, жатақхана бөлмелері;

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

- ресторан – ұлтық асхана зертханасы;
- қонақжайлық технологиясының сандық зертханасы (компьютер сыныптары);
- қонақүй (32 орындық 13 бөлме);
- тіл орталығы (лингафон сыныптары).

Университетке тәжірибе беру үшін шетелдік практиктер (отельерлер, рестораторлар) шақырылатын болады. Студенттер жергілікті және шетелдік (жақын және алыс шетел) тағылымдамаға келісімдер мен шарттар жасалған шет елдердің (Түркия, Сингапур, Малайзия, Біріккен Араб Әмірліктері, Ресей Федерациясы, Өзбекстан) әріптес жоғары оқу орындарына жіберіледі. Студенттерге жатақхана беріледі.

Тәжірибеге бағытталған оқытуды жүзеге асыру үшін қаржы-экономикалық негіздеме қазіргі уақытта туристік агенттіктер мен қонақ үй-мейрамхана бизнесінде ЖОО зертханаларының базасын қалыптастыру үшін қолданылатын компьютерлік техника мен бағдарламалық жасақтаманы сатып алуды қарастырады.

Университетте студенттерді оқыту туризм саласында қолданылатын келесі бағдарламалар бойынша өтеді:

1. Мейрамханаларды автоматтандыру үшін бағдарламалық қамтамасыз ету (БҚ).


Жүйе рестораторларды қызмет көрсету жылдамдығы мен сапасын, сатуды арттыруға мүмкіндік беретін ең заманауи технологиялармен қамтамасыз етеді. Бағдарлама кез келген форматтағы тамақтандыру кәсіпорындарын автоматтандыруға арналған. Бір кассасы бар шағын кафелер мен барлар және көп салалы мейрамханалар мен ірі желілер үшін, толық қызмет көрсету кәсіпорындары және фаст-фуд мекемелері үшін де.

2. Қонақ үйді басқару үшін бағдарламалық қамтамасыз ету (БҚ).

Осы бағдарлама арқылы қонақ үйді автоматтандыру брондау және орналастыру қызметінің тиімді жұмысын ұйымдастыруға ғана емес, басқа бөлімшелердің қызметін сәтті басқаруға, қонақ үй ішіндегі бизнес-үдерістерді сенімді бақылауға мүмкіндік береді.

3. Халықаралық және ел іші рейстеріне авиабилеттерді брондау мен сатуды жүзеге асыруға арналған бағдарламалық қамтамасыз ету (БҚ).

Жүйе нақты уақыт режимінде деректерді алады және авиакомпаниялар мен әуежайларға жібереді.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

4. Туристік агенттерге нақты уақыт режимінде туристік қызмет көрсетушілердің брондауын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін БҚ. Бағдарламалық жасақтама туристік агенттіктерден басқа, соңғы корпоративтік пайдаланушылар мен авиакомпанияларға туристік индустрияның барлық аспектілеріне қол жетімділікті қамтамасыз етеді. БҚ аймақтың және туристік индустрияның жай-жапсарын біледі және тұтынушылардың барлық талаптарын қанағаттандыру үшін инновациялық шешімдер мен қызметтерді ұсынады.


Технологиялар мен еңбекті зерделеу жөніндегі шеберханалардың, сондай-ақ бағыттар бойынша саралап оқытуға арналған мамандандырылған шеберханалардың ауданы-бір білім алушыға 3,75 м² (оқу сыныптары мен полигондар үшін).

Университеттің талап етілетін нормативтік алаңын есептеу кезінде білім алушылар саны 6000 деп көрсетілді.

Төменде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығына сәйкес студенттерді оқыту үшін қажетті алаң санының есебі берілген.

1 кесте – Университеттің қызметі үшін керекті алаңның қажеттілігі

Атауы	Қажетті алаңның көлемі (кв.м.)
I. Оқу блогы	22 900
Білім алушыларды оқытуға арналған 6000 орындық оқу аудиториялары	13 200
Дәріс залдары (200 кв.м. 15 зал)	3 000
Полигондар (спорттық туризм, қонақ үй бизнесі, мейрамхана бизнесі)	3 000
Спорт залы және жаттығу залы	1 000
Мұражай	300
500 орындық мәжіліс залы	1 000
Кітапхана, медиа орталық	500
Университет асханасы – 400-500 орындық	900
II. Әкімшілік блок	2 500
Әкімшілік қызметкерлері мен ОПК үшін (ректор, проректор, декан, кафедра меңгерушісі, оқытушылар, бухгалтерия, оқу бөлімі, офис-әкімші)	1 500

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

Туризм ҒЗИ үшін (жабдықталған үш зертхана); медициналық пункт	1 000
III. Тұрғын үй блогы	17 400
Студенттерге арналған 2600 орындық жатақхана	15 600
Жатақхана коменданты мен кастеляншаға арналған қосалқы үй-жайлар, кір жуатын машиналарды орналастыруға арналған қосалқы үй-жайлар және үтіктеу бөлмелері	500
Буфет	100
Пайдалы алаң жиыны	41 600

Университеттің талап етілетін нормативтік алаңын есептеу кезіндегі білім алушылар саны – 6000 студент қабылданды. Осыған байланысты аудиторияларға қажеттілік 13 200 кв.м. құрады (6000 студент * 2,2 кв. м. = 13 200 кв. м.).

Жатақханаға қажеттілік бір студентке 6 кв.м. есебінен анықталды (2500 студент * 6 кв. м = 15 000 кв. м.).

Университеттің қуаттылығы 2024 жылға қарай 6000 адамды құрайды. Сонымен қатар, Түркістан қаласының әкімдігі 2020 жылы 290 орындық жатақхана береді және 2021 жылы 400 орындық жатақхана беріледі.

Университет студенттерін жатақханадағы орындармен қамтамасыздандыру деңгейі **21,5%** құрайды, бұл Қазақстан Республикасы бойынша жұмыс істеп тұрған ЖОО көрсеткішінен жоғары.

Түркістан қаласының әкімдігі білім беру үдерісіне ауданы 11 888,5 м² үш ғимарат ұсынды, алайда бұл 6000 студентті оқытуға жеткіліксіз.

№ р/с	Атауы	Алаңы (м ²)	
		Оқу блогы	Тұрғын үй блогы
1	Қолөнершілер оқу орталығы	6 193,8	
2	Мектеп-интернат	3 021,4	
3	290 орындық жатақхана		2 425,6
4	Олимпиадалық резерв мектебі	2 673,3	
	Барлығы:	11 888,5	2 425,6
5	Қажеттілік	15 000,0	
		15 000,0	0,0

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»


Барлығы:	26 888,5	2 425,6
-----------------	-----------------	----------------

Халықаралық туризм және меймандостық университетінің қызметі мынадай *тікелей нәтижелерге* қол жеткізуді қамтамасыз етеді:

№ р/с	Нәтижелері	Өлше м бір.	Көрсеткіштің мәні (жоспар)				
			2020	2021	2022	2023	2024
1	2	3	4	5	6	7	8
	Тікелей нәтиже (сан көрсеткіштері)						
1	Мемлекеттік білім беру гранттары есебінен туризм саласындағы білім беру бағдарламалары бойынша оқитын бакалавриат бағдарламасы бойынша студенттер саны	Адам	529	1329	2129	2929	3200
2	Университеттің туризм саласындағы білім беру бағдарламалары бойынша білім алған түлектер	Адам	-	-	-	-	585

Халықаралық туризм және меймандостық университеті қызметі мынадай *соңғы нәтижелерге* қол жеткізуді қамтамасыз етеді:

№ п/п	Нәтижелері	Өлшем бір.	Көрсеткіштің мәні (жоспар)				
			2020	2021	2022	2023	2024
	Соңғы нәтиже (нәтиже көрсеткіштері)						
1	Халықаралық туризм және меймандостық	%	7	10	12	13	15

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

	университетінің ақылы негізде оқитын студенттерінің жалпы көлеміндегі үлесін қамтамасыз ету						
2	Университет түлектерін жұмысқа орналастыру	%					74
3	Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айқындалған туризм саласында жұмыс істейтін Университет түлектерінің үлесі	%					1,5

«Электрондық университет» жүйесінде білім алушыларға қолжетімді болатын барлық пәндердің оқу-әдістемелік кешендері оқытудың күтілетін нәтижелеріне қойылатын талаптарды, аралық және қорытынды бақылауға арналған мәселелер тақырыбын қамтиды.

Университет мыналарды қамтиды:

1. Сандық зертхана (IT Laboratory);
2. Халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы;
3. Мейрамхана;
4. Ұлттық тағамдар зертханасы;
5. Қонақ үй;
6. Практикалық платформа.

Сандық зертхана (IT Laboratory) салада қол жетімді ең заманауи жабдықтар мен жаңа технологияларға, сондай-ақ бағдарламалық пакеттерді, зерттеу қосымшаларын іске қосу үшін интернетке сымды және сымсыз қол жеткізуге ие болады. Зертхана қызметінің күтілетін нәтижесі – заманауи, білім беру технологияларын пайдалана отырып, ғылыми қызмет нәтижелері бойынша құрылған бірегей виртуалды әзірлемелерді тираждауға қабілетті «ақылды» университеттің (ЖОО-дағы қонақүй мен мейрамхана) моделін қалыптастыру.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

Халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы туризм және меймандостық саласындағы зерттеулерді, инновациялар, талдау және ынтымақтастық арқылы білімді кеңейтуді жүзеге асыратын болады.

Орталық анықтамалық және оқу, зерттеу материалдарының кең спектрін ұсынады: кітаптар, журналдар, статистикалық есептер және халықаралық конференциялардың материалдары, сондай-ақ танымал халықаралық мерзімді басылымдар, электронды деректер базасы.

4.6 Стратегиялық бағыт 6. Университет қызметін қаржылық қамтамасыз ету

Ғимараттарды жабдықтау үшін (Қолөнершілер орталығы мен Жатақханасы бар Мектеп-интернат) Түркістан қаласының әкімдігі 2021 жылы өтеусіз беретін 1 350 831,0 мың теңге сомасында қаржыландыру қажет.

Университет ғимараттарын жарақтандыру қажеттілігін есептеу Қолөнершілер орталығының эскиздік жобасы және Мектеп-интернаттың (жатақхана мен оқу корпустары) техникалық төлқұжаты негізінде жүргізілді.

Аландарға қажеттілік нормативіне дейін жеткізу үшін 2021-2022 жылдары оны қажетті жабдықпен толық жарақтандыра отырып жаңа ғимарат салу қажет.


ҚЭН-да негізгі құралдарды (аудиториялар, дәріс залдары, полигондар, жатақханалар үшін), материалдық емес активтерді, автокөлікті, кітапхана қорын сатып алу көзделген.

Кітапхана қорын сатып алу есебі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 07.08.2009 жылғы № 374 бұйрығына сәйкес есептелген, барлық оқу кезеңінде 1 білім алушыға 5 АЕК қажет. Білім беру гранты бойынша жоспарланған 3200 білім алушы контингентіне кітапхана қорына талап етілетін сома 44 448,0 мың теңгені құрайды.

Күтілетін нәтижелер:

ХТЖМУ-да меймандостық технологиясының сандық зертханасын құру қарастырылған. Оны бағдарламалық қамтамасыз етумен жабдықтау үшін қонақ үйді басқару үшін БҚ, мейрамханаларды автоматтандыру үшін БҚ сатып алу көзделген.

2021-2024 жылдары әр оқу жылында 800 талапкерді білім грантына және 700 талапкерді ақылы негізде қабылдау жоспарлануда. 2024-жылы алғашқы түлектердің оқу орнын тәмамдауы күтілуде. 2024-2025 оқу жылында білімгерлердің жалпы санын 6000-ға жеткізу көзделуде.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КеАҚ жарғылық капиталын ұлғайту акциялар эмиссиясы және негізгі құралдармен, материалдық емес активтермен жарақтандыру бойынша барлық қажетті сатып алу рәсімдерін жүргізу арқылы жүзеге асырылатын болады.

"ХТЖМУ" КеАҚ ҚЭН және Университет қызметін күтілетін қаржылық қамтамасыз ету шеңберінде бюджеттік тиімділік қаралады, бюджеттік тиімділік деп бюджеттен түсетін түсімдер мен шығындар арасындағы айырма түсініледі. Бұл ретте, бюджеттік тиімділік республикалық және жергілікті бюджеттер деңгейінде қаралады.

Түсімдер

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 49-бабында республикалық бюджетке түсетін түсімдердің тізбесі белгіленген. 5.3.3-параграфта көрсетілген ережелерді ескере отырып «ХТЖМУ» КеАҚ әзірлеген ҚЭН шеңберінде «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да төлемдер» – республикалық бюджетке түсімдер жоқ.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 51-бабында Республикалық маңызы бар қала, астана бюджетіне түсетін түсімдердің тізбесі белгіленген. 5.3.3-параграфта көрсетілген ережелерді ескере отырып «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да төлемдер», «ХТЖМУ» КеАҚ ҚЭН шеңберінде жергілікті бюджетке түсімдер ретінде төленетін сомалар қабылданды: жеке табыс салығы, әлеуметтік салық.

Шығындар

Республикалық бюджеттен бөлуге жоспарланған бюджеттік инвестициялар, қалыптасу кезеңіндегі (2020-2022 жылдар) қызметті қаржыландыруға, сондай-ақ білім беру қызметін жүзеге асыру шеңберінде бюджетшілердің оқуын қаржыландыруға сомалар енгізілген.


Жергілікті бюджеттен шығындар жоқ.

Университет қызметінің республикалық бюджет үшін бюджеттік әсері теріс, ал жергілікті бюджет үшін оң болады деп күтілуде.

Республикалық бюджет үшін бюджеттік тиімділіктің теріс мәні Университет қызметін қаржыландыру тек республикалық бюджет есебінен жоспарлануымен түсіндіріледі.

4.7 Стратегиялық бағыт 7. Тәрбие жұмысын және әлеуметтік саясатты жетілдіру

Тәрбие және әлеуметтік саясатты

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

Тәрбие жұмысының мониторингі, жастарды елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына тарту Университетте тұрақты негізде мынадай блоктар бойынша қалыптастырылған критерийлерге сәйкес жүзеге асырылады:

1. Студенттік өзін-өзі басқаруды дамыту, студенттерді жастар ұйымдарына тарту;
2. Пікірсайыс қозғалысын, клуб-үйірме қызметін дамыту;
3. Волонтерлікті дамыту бойынша жұмыс;
4. Корпоративтік мәдениетті дамыту;
5. Студенттерді әлеуметтік қолдау;
6. Жетістіктер.

Мақсаты: Университетте жүйелі әлеуметтік-тәрбие жұмысын жүргізу, студенттердің жеке әлеуетін дамыту және іске асыру үшін жағдай жасау, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға көмек көрсету.

Міндеттері:

– тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы зияткерлікті байыту;

– азаматтық пен патриотизмге, өз Отанына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халықтың әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеу;

– белсенді азаматтық ұстанымы бар жастарды құқықтық тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;


– отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ және басқа халықтардың тарихын, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін зерделеу, әлем халықтарының тілдерін меңгеру;

– Университет аясында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясатын кешенді жүзеге асыруға қатысу;

– студенттерге жалпыадамзаттық құндылықтар мен азаматтық қағидаттарды дарыту;

– білім алушылардың өзін-өзі дамытуы мен өмір сүруі үшін оңтайлы қажетті әлеуметтік жағдайларды қамтамасыз ету;

– корпоративтік мәдениетті және әлеуметтік жауапкершілікті арттыру;

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

– Университетті корпоративтік басқарудағы студенттік өзін-өзі басқару органдарының ролін күшейту.


Күтілетін нәтижелер:

1. Танымдық, тәрбиелік іс-шаралар санын арттыру;
2. Қалалық, өңірлік және халықаралық деңгейдегі әлеуметтік маңызы бар іс-шараларда Университеттің өкілдігін, сондай-ақ конкурстардың, олимпиадалардың жүлдегерлері, лауреаттары санын ұлғайту;
3. Тәрбие жұмысын жүргізу үшін нормативтік, инфрақұрылымдық, материалдық-техникалық базаны дамыту;
4. Күнделікті оқу, ғылыми-зерттеу, қоғамдық және еңбек қызметінде студенттерде қалыптасқан қағидаттар мен нанымдардың тұрақтылығы;
5. Студенттік ұжымдарда оң әлеуметтік-психологиялық ахуал қалыптастыру, құқық бұзушылықтар мен бейәлеуметтік әрекеттердің болмауы;
6. Студенттердің бойында салауатты өмір салты негізінде рухани-адамгершілік, эстетикалық, көпмәдениетті, зияткерлік-шығармашылық даму, дене бітімін жетілдіру қажеттіліктерін қалыптастыру үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету;
7. Шығармашылық тұрғыдан ойлайтын, өзін-өзі жетілдіруге және өзін-өзі жүзеге асыруға қабілетті, жауапкершілігі мен азаматтық өзіндік санасы бар маманның жан-жақты дамыған тұлғасын дамыту үшін оңтайлы әлеуметтік-мәдени және білім беру жағдайларын жасау;
8. Университеттің жастарды тәрбиелеудің ғылыми-әдістемелік және тәжірибе орталығы ретіндегі ролін күшейту, Университеттің оң қоғамдық имиджін нығайту.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

Жастардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты және сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру бойынша жұмыс Университет қызметінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Ол келесі бағыттарда жүзеге асырылады:

1. Студенттердің корпоративтік мәдениетін қалыптастыру;
2. Теріс пиғылды практикаларды жоюға бағытталған жаңа тәсілдер мен технологияларды әзірлеу; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;
3. Салауатты әлеуметтік ортаны және сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

4. Азаматтық пен отансүйгіштікке, өз Отанына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу;

5. Парасаттылық мектебін, «Абыройлы болашақ» клубын құру арқылы парасаттылық нормаларын ілгерілету.

Мақсаты: Кез-келген жосықсыз тәжірибеге төзбейтін орта құру. Білім алушыларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитетті, корпоративтік мәдениетті қалыптастыру.

Міндеттері:

– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитетті, сыбайлас жемқорлықты қабылдамау идеясын және кез келген теріс пиғылды практиканы сіңіру мақсатында әртүрлі форматтағы іс-шаралар өткізу;

– Университет ортасында адалдық нормаларын насихаттау және насихаттау;

– Студенттердің ар-намыс кодексін, студенттердің корпоративтік мәдениет кодексін енгізу;

– Азаматтық пен отансүйгіштікке, өз Отанына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу;

– Студенттер арасында әлеуметтік сауалнама жүргізу және кафедралардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы рейтингін жасау.

Күтілетін нәтижелер:

1. «Саналы ұрпақ» республикалық жобалық офисімен өзара іс-әрекет;
2. «Студенттерді парасаттылық пен адалдыққа оқыту» жобаларын іске асыру;

3. «Абыройлы болашақ» клубының қызметі шеңберінде алдын алу іс-шараларын өткізу;

4. Студенттер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы форум өткізу;

5. Сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру мәселелерінде мемлекеттік қызмет істері агенттігімен және басқа да уәкілетті органдармен өзара іс-қимыл жасау;

6. Университет студенттерінің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру.

4.8 Стратегиялық бағыт. 8. Тиімді ынтымақтастық және халықаралық серіктестікті кеңейту

Шетелдік ұйымдармен және серіктестермен ынтымақтастық жөніндегі жұмысты Университет базасында құрылған Халықаралық ынтымақтастық және тілдерді дамыту орталығы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»


Мақсаты: Университет қызметін интернационалдандыру үшін халықаралық байланыстарды орнату, дамыту мен жетілдіру және жоғары кәсіби білім беру мен ғылыми орталық ретінде оның халықаралық беделін арттыру. Сонымен қатар, ол студенттердің мәдениетаралық кәсіби коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту үдерісіне өзіндік үлес қосуы тиіс.

Міндеттері:

- шетелдік жоғары оқу орындарымен, орталықтармен ынтымақтастық стратегиясын, бағыттарын үйлестіру және Университеттің шетелдік серіктестермен ынтымақтастық бағдарламаларын әзірлеу;
- ОПК біліктілігін арттыру, студенттерді оқыту бойынша бірлескен бағдарламаларды дамыту үшін шетелдік қорлардың қаражатын тарту және серіктес жоғары оқу орындарымен тікелей әріптестік қатынастар орнату (конференциялар, зерттеулер жүргізу, жарияланымдарды ресімдеу);
 - қосдипломды білім беруді дамыту және шетелдік мамандарды тарту;
 - шетелдік студенттерді келісім-шарт негізінде және халықаралық ынтымақтастық туралы келісімдерге сәйкес қабылдау;
 - шет тілдерін қосымша және тереңдетіп оқыту бағдарламаларын қалыптастыру;
 - студенттердің тілдік даярлық деңгейін арттыруды қамтамасыз етуге бағытталған оқу-әдістемелік іс-шаралар кешенін (курстар, тестілеу және т.б.) өткізу.

Күтілетін нәтижелер:

1. Университет студенттері мен оқытушыларының тағылымдамадан өту мүмкіндіктерін арттыру, халықаралық форумдарға, конференцияларға, жобаларға қатысу;
2. Жетекші халықаралық университеттермен студенттер, ОПК және т. б. алмасу туралы шарттар жасасу;
3. Университеттің ғылыми және білім беру қызметіне тартылған шетелдік студенттер, ОПК және ғалымдар санын ұлғайту;
4. Шетелдік жоғары оқу орындарымен ғалымдар және білім алушылармен академиялық алмасу саласындағы ынтымақтастық туралы шарттардың санын ұлғайту;
5. Академиялық ұтқырлықты және қос дипломды білім беруді дамыту;
6. Алыс және жақын шетел студенттерінің сапалық және сандық контингентін арттыру, білім беру мен тәрбие үдерісін жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

7. Тіл орталығының ашылуы (ағылшын, түрік, француз, араб, испан тілдері).

4.9 Стратегиялық бағыт 9. Түлектерді жұмысқа орналастыру жүйесін дамыту

Университет түлектерін жұмысқа орналастыру 2019 жылы Университет жанынан құрылған және 2020 жылы Құзыреттілік және жастар саясаты орталығы болып қайта құрылған құзыреттілік орталығы қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады.

ҚжЖСО Бос орындар жәрмеңкесі; Түлектер күні (Түркістан қаласының Халықты жұмыспен қамту орталығымен бірлесіп); бос орындар банкін құру; түлектерді жұмысқа орналастыру мониторингі; жұмыс берушілермен бакалаврлар, мамандар, магистрлер даярлауға шарттар жасасу; студенттер мен түлектерді жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша конференциялар мен дөңгелек үстелдер ұйымдастыру және олардың жұмысына қатысу; жұмысқа орналастыру тиімділігін арттыруға бағытталған мастер-кластар өткізу сияқты іс-шараларды өткізуді жоспарлап отыр.

Мақсаты: Университет түлектерін барынша жұмысқа орналастыру.

Міндеттері:

- өңірлік еңбек нарығын өңірдің экономикалық даму қажеттіліктерін қанағаттандыратын құзыреттері бар жоғары білікті кадрлармен толықтыру мақсатында түлектерді жұмысқа орналастыруға көмек көрсету;
- жұмысқа орналасқан түлектердің санын ұлғайтуға мүмкіндік беретін бакалаврларды, мамандарды, магистрлерді даярлауға жұмыс берушілермен мақсатты шарттар, шарттар жасасу жөніндегі қызметті жетілдіру;
- жұмыс берушілермен серіктестік қарым-қатынастарды дамытуды жеделдетуге және түлектердің мансабын жоспарлау жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік беретін Университеттің Түркістан қаласының Жұмыспен қамту орталығымен және Кәсіпкерлік басқармасымен ынтымақтастығын жандандыру;
- «жұмыс беруші – университет – білім алушы» ақпараттық алмасу тетігін жақсарту, бұл түлектердің құзыреттіліктерінің бейініне сәйкес жұмысқа орналасуын жеделдетуге және өңірдің жұмыс берушілерімен өзара іс-қимыл нәтижесінде сыртқы ортаға бейімделу кезеңін қысқартуға бағытталған;

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

– білім беру бағдарламаларының сапасы туралы түлектер мен әлеуетті жұмыс берушілердің пікірлерін зерделеу, сондай-ақ түлектердің жұмысқа орналасуы мен мансап траекториясына тұрақты мониторинг жүргізу.

5. МАҚСАТТАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ЖӘНЕ ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕРДІ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Университеттің алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудің негізгі жолдары:


1. ЖОО басқару жүйесін мен оқыту сапасын жетілдіру және дамыту;
2. Ғылым мен практиканың басымдықтарына сәйкес білім беру үдерісін жүйелі жаңғырту;
3. Бәсекеге қабілетті персоналды қалыптастыру;
4. Ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметті дамыту арқылы Университеттің ғылыми әлеуетін күшейту;
5. Білім, ғылым және қызмет көрсету салаларын интеграциялау;
6. Инфрақұрылымды дамыту және қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды енгізу;
7. Әлеуметтік құрылымды дамыту және жастар саясаты;
8. Әлемдік ғылыми-білім беру қоғамдастығына кіру;
9. Имидждік саясат жүргізу.

Қойылған міндеттерді дәйекті шешу, Университеттің мақсаттарға қол жеткізу жолында қабылдаған қадамдары стратегиялық бағыттарды біртіндеп іске асыруға әкеледі, демек, қызметі Қазақстанның саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосатын туризм және меймандостық индустриясы үшін тәжірибеге бағдарланған, құзыретті, әлеуметтік жауапты және бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау арқылы еліміздің зияткерлік әлеуетін күшейту – Университет миссиясын жүзеге асыруға да қатысты.

6. ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ БІЛІМ БЕРУ НАРЫҚТАРЫНДА УНИВЕРСИТЕТ БРЕНДІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қазіргі жаһандану жағдайында жоғары оқу орындарының брендін қалыптастыру Университеттің даму стратегиясының ажырамас бөлігі болып табылады. Университеттің танымалдылығы Қазақстанда және жақын шетелдерде жоғары деңгейге ие болады.

БАҚ өкілдерімен өзара іс-қимылды жолға қоюдың арқасында аталмыш оқу орны ауқымды серіктестік арнаға ие болады және ЖОО туралы оң ақпараттың үлкен ағындарын іске қоса алады, сонымен қатар медиа

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»


кеңістікте оң пікірге ие болады. Әріптестік қатынастар халықаралық білім беру кеңістігінде Университеттің танылуына ықпал ететін болады.

Университет имиджі маркетингтік іс-шаралар кешенін жүргізу арқылы сапалы білімі бар және кадрларды жоғары бағалайтын беделді Университет ретінде білім беру нарығында берік орын алады. Атап айтқанда, цифрлық құралдар арқылы нарыққа әсер ету Университетке ақпараттық технологиялар арқылы ақпаратты жекелендіруге, сондай-ақ олардың әлеуметтік желілердегі әрекеттері арқылы нарықтың негізгі қажеттіліктерін білуге мүмкіндік береді.


Университет туризм саласындағы бейіндік ЖОО ретінде өзінің қосымша брендін қалыптастырады.


Тұтынушылардың бейілділік индексін ұлғайту бойынша белсенді жұмыс жүргізілетін болады, бұл әрбір ретте ішкі нарықтың өсуіне және оны түсінуіне жеткізеді.

Университет жақын және алыс шетелдердегі білім беру нарығында сұранысқа ие болады, бұл шетелдік студенттердің тұрақты түрде келуін қалыптастырады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

А Қосымшасы




Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»

Б Қосымшасы


Келісу парағы

Оқу және ғылыми жұмыс жөніндегі проректор



А.А. Иваиов

Қаржы және шаруашылық жұмыс жөніндегі проректор



Н.П. Ташимов

Тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректор



С.Ж. Нургазинова

Оқу үдерісінің сапасын бақылау бөлімі



И.Т. Мусалимов